


# 1 бөлім

Ұсынылған жауап нұсқаларынан бір дұрыс жауап таңдалатын  
тест тапсырмалары

## БАЛҚАШ КӨЛІ



Балқаш — Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл. Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі үшінші орында. Көл беті көбіне қарашаның аяғында қатып, сәуірдің ортасында мұзы ериді. Мұздың қалыңдығы кей жылдары 150 см-ге жетеді. Таудағы мұздықтар еріген кезде су деңгейі біраз көтеріледі.

Балқаш көлінің батыс жағының суының минералдылығы 0,74 г/л, ауыз су және өнеркәсіптік қамсыздандыру үшін қолданылады. Шығыс жағының тұздылығы 3,5-тен 6 г/л-ге дейін. Балқаш көлі бойынша жалпы орташа минералдылығы 2,94 г/л. Батыс жағының суы сарғыш сұр реңіне ие, ал шығыс жағының суы көкшіл түспен көк жасыл түске дейін өзгеріп тұрады.

1. Балқаш көліне құятын ең ірі өзен

- A) Қаратал
- B) Іле
- C) Көксу
- D) Ақсу
- E) Лепсі

2. Іле өзенінің көлге құятын сағасының географиялық координатасы

- A) 35° с.е. 76° б.б.
- B) 47° о.е. 79° б.б.
- C) 45° с.е. 74° ш.б.
- D) 46° с.е. 78° ш.б.
- E) 44° о.е. 74° б.б.

3. Көлдің батыс бөлігіне құятын өзен

- A) Ақсу
- B) Қаратал
- C) Бақанас
- D) Лепсі
- E) Іле

4. Балқаш көлінің басты ерекшелігі

- A) тұзды
- B) тұщы
- C) батыс бөлігі тұщы
- D) батыс бөлігі тұзды
- E) тұтастай тұщы

5. Көл суы деңгейінің көтерілетін мезгілі

- A) күз
- B) жаз
- C) көктем
- D) барлық мезгіл
- E) қыс

## КАРТОГРАФИЯ. «КАПИТАН ГРАНТТЫҢ БАЛАЛАРЫ» РОМАНЫ НЕГІЗІНДЕ

Жюль Верннің «Капитан Гранттың балалары» атты романында мұхиттан аулап алған құмыраның ішіндегі хатта  $37^{\circ} 11^{\circ}$  о.е деген жазу сақталған болатын. Грантты іздеу мақсатында кейіпкерлер осы параллельмен Оңтүстік Американы, Атлант, Үнді мұхиттарын өтіп Австралия мен Жаңа Зеландияға барды. Тынық мұхитындағы Табор аралында әкесімен табысады.

1. Кеме Атлант мұхитына дүниежүзін айналып шыққан әйгілі саяхатшының есімімен аталған бұғаздан өтіп Тынық мұхитына шығады. Әйгілі саяхатшының есімімен аталған бұғаз
  - A) Беринг
  - B) Дрейк
  - C) Магеллан
  - D) Мозамбик
  - E) Босфор
2. Саяхатшылар басып өткен шөл
  - A) Калахари
  - B) Қарақұм
  - C) Виктория
  - D) Сахара
  - E) Гоби
3. Саяхатшылардың Африкаға аялдамау себебі
  - A)  $0^{\circ}$  ендікпен жүзді
  - B) солтүстікке бағыт алуы
  - C)  $37^{\circ} 11^{\circ}$  о.е параллелі батысқа қарай орналасуы
  - D)  $37^{\circ} 11^{\circ}$  о.е параллелі оңтүстікке қарай орналасуы
  - E) оңтүстікке бағыт алуы
4. Кейіпкер әкесімен табысқан арал
  - A) Сицилия
  - B) Табор
  - C) Зонд
  - D) Ява
  - E) Жаңа Зеландия
5. Жоғалған экспедицияны іздеу мақсатында жасақталған кемең атауы
  - A) Линкольн
  - B) Наутилус
  - C) Дункан
  - D) Авраам
  - E) Фовард

## 2 бөлім

Ұсынылған жауап нұсқаларынан бір немесе бірнеше дұрыс жауаптар таңдалатын тест тапсырмалары

1. Цунами байқалатын Азияның мемлекет(-тер)і
  - A) Жапония
  - B) Филиппин
  - C) АҚШ
  - D) Грекия
  - E) Марокко
  - F) Индонезия
  - G) Түркия
  - H) Мексика
2. Табиғи газ қоры ірі ел(-дер)
  - A) Иран
  - B) Испания
  - C) ГФР
  - D) Катар
  - E) Аустрия
  - F) Италия
  - G) Ресей
  - H) Жапония
3. «Демографиялық дүмпу» тән елдер
  - A) БАӘ, Франция
  - B) Польша, Сауд Арабиясы
  - C) Ирак, Пәкістан
  - D) Грузия, Нигерия
  - E) Пәкістан, Ұлыбритания
  - F) Конго, Нигер
  - G) Нигерия, Йемен
  - H) Йемен, Дания
4. Табиғаттағы зоналылық тәуелді болатын фактор(-лар)
  - A) өсімдіктер
  - B) жылу
  - C) ылғал
  - D) қысым
  - E) биіктік
  - F) еңістік
  - G) мөлдірлік
  - H) тығыздық

5. Оңтүстік Еуропаның «ергежейлі» мемлекеті (мемлекеттері)

- A) Мальта
- B) Лихтенштейн
- C) Андорра
- D) Португалия
- E) Люксембург
- F) Испания
- G) Сан-Марино
- H) Италия